

Сергеева А.М. – география ғылымдарының кандидаты,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Көшім Ә.Ғ. – география ғылымдарының докторы, профессор,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Шумақова Г.Ж. – оқытушы
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
E-mail: aiko-sm@mail.ru

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТАБИҒИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ғылыми негізделген желісі болып биологиялық түрлілікті сақтаудың аса тиімді және оңтайлы түрлерінің бірі саналатыны, олар тек жекелеген бірегей экожүйелерді, түрлер мен қауымдастықтарды ғана емес, сонымен қатар, тұтастай алғанда мекен ететін табиғи ортаны да сақтауға мүмкіндік беретіндігі айтылады. Облыстың табиғи ландшафтарына антропогендік әсердің жоғары деңгейіне байланысты ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін ұйымдастыру өзекті.

Тірек сөздер: ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, ландшафт, экологиялық қаңқа, табиғи ескерткіштер, өңірлік табиғи парк, биологиялық алуантүрлілік.

Республиканың ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды (ЕҚТА) дамыту бағдарламасын жүзеге асыру практикасы облыстар деңгейінде өз бағдарламалары болуы қажет екенін көрсетті, олар жергілікті бюджеттен қаржыландырылады және табиғатты қорғау жоспарында келешекте республикалық қорғалатын аумақтар желісін кеңейтуге жағдайлар жасауға мүмкіндік береді [1].

Әлемдік тәжірибеде ЕҚТА-да табиғатты пайдалануды іске асыру аумақтық жоспарлау мен басқару жағдайында елеулі үлес қоса алады деп көрсетеді: 1) табиғат кешендерін қорғау; 2) өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы; 3) қоршаған ортаны қорғау, экологиялық білім беру мен жергілікті халықтар мен туристердің мәдениетінің жалпы деңгейін көтеру. Табиғи және әлеуметтік-мәдени ортаға рекреациялық әсерлерді азайту қағидаттарына негізделген табиғатты пайдалануды тұрақты дамыту тұжырымдамасы рекреациялық, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мүдделердің үйлесімділігін қамтамасыз етіп, табиғат кешендерінің тұтастығын сақтайды. Осыған орай, ЕҚТА-да табиғат кешендерін сақтау және олардың рекреациялық пайдалануын іске асыруды қамтамасыз ету арасындағы ымыралы шешімдерді іздестіруге бағытталған геоэкологиялық зерттеулер өзекті болып табылады.

Ақтөбе облысы табиғат ресурстарына бай: бірегей өсімдік және жануарлар дүниесі бар табиғат кешендерімен сипатталады. Жыл сайын табиғи және антропогендік күштердің әсерінен табиғат кешендерінің табиғи жағдайы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің бірегейлігі мен байлығы, ландшафтардың жоғары эстетикалық тартымдылығы дамуын жоғалтуда. Соған байланысты құнды және сирек кездесетін табиғат нысандары мен табиғат кешендерін қорғауға алатын түрлі ұйымдар пайда болуда.

Облыстың табиғи кешендерінің антропогендік төзімділігі төмен, дегенмен олардың ерекше эстетикалық және ғылыми-танымдық құндылығы оларды рекреациялық мақсаттарда қарқынды пайдалануына ықпал етеді.

Облыстағы ЕҚТА-да табиғатты пайдалануды оңтайландыруға бағытталған табиғи кешендерді рекреациялық пайдаланудың геоэкологиялық салдарын бағалау, кешенді ғылыми зерттеулер болмаған туристер ағынының табиғи өсуі, танымал нысандар санының артуына қауіп-қатер туғызады немесе олардың эстетикалық маңызын айтарлықтай азайтады.

Экологиялық қаңқа – түрлі факторлар әсерінен табиғаттың өзі құрған бағалы аумақтардың үйлесімділігі. Экологиялық қаңқа құндылығының негізінде олардың шегінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру қажет. Ақтөбе облысының аумағында экологиялық қаңқаның бірнешеуі бөліп көрсетіледі, олардың негізінде болашақта экологиялық желі жұмыс істейтін болады. Экологиялық қаңқаның құрылымы солтүстіктен оңтүстікке, батыстан шығысқа тартылады және шөлден басқа барлық ландшафтық аймақтарды қамтиды [2].

Экологиялық қаңқаның ең солтүстік ұйтқысы қазірде бар табиғи-қорықтық қор (геологиялық, геоморфологиялық, су және тірі табиғат ескерткіштерінің) нысандарының, Жайық өзенінің салалары – Ебейті мен Елек (ірі Жақсы-Қарғалы саласымен бірге) салаларының интразоналдық жазықтық ландшафтарының, Қарғалы су қоймасының үйлесімділігі. Осы өңір арқылы өзендер аңғарлары бойымен оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай көбінесе оңтүстік еуропалық, солтүстік африкалық және алдыңғы азиялық қыстаулардан маусымдық жыл құстарының жолы өтеді. Түрлі экологиялық қызметтерді атқаратын ландшафтардың қалыптасқан табиғи үйлесімділігі экологиялық қаңқа қалыптастырды және осы жерде қорғалатын аумақ құрған жағдайда Ақтөбе облысының солтүстік бөлігі үшін биоалуантүрлілікті сақтауда жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады. Экологиялық қаңқаның екіншісін Ойыл өзенінің интразоналдық жазықтық ландшафтары және Барқын құмы алабының асоналдық ландшафтарымен қиылысқан құрғақ және

шөлге айналған даланың аймақтық ландшафтарының үйлесімділігі негізінде облыстың батысында қалыптастыруға болады. Аталған барлық ландшафттар арқылы өзендер аңғарлары мен олардың салалары, шалғындары бар ескі және жайылмалы көлдер бойымен көші-қон жолы – оңтүстік еуропалық, солтүстік африкалық және алдыңғы азиялық қыстаулардан жыл құстарының ұшу жолдары өтеді. Қазір бұл өңір облыстың солтүстігімен салыстырғанда антропогендік салмақты аз сезінеді, бұл Барқын құмындағы орман алқабының, Ойыл өзенінің барлық алабының жазықтық ландшафтарының жақсы сақталуын қамтамасыз етті (сурет 1).



Сурет 1 – Барқын құмы


Аумақтарды қамту және ландшафтардың түрлілігі жағынан ең үлкен үшінші экологиялық қаңқа облыс ортасында орналасқан. Азоналдық ландшафтардың ең ірі кешені – аласа таулы Мұғалжар тізбегі. Мұғалжардан батысқа қарай Көкжиде және Құмжарған құм алаптары бар Жем және Темір өзенінің қосылған жері орналасқан, бұл азоналдық және интразоналдық ландшафтардың өзіндік бірегей үйлесімділігін көрсетеді. Солтүстіктен оңтүстікке созылған аласа таулы тізбек әртүрлі тау бөктеріндегі және суайрығындағы аймақтық және беткейлер, өзендер аңғарларындағы азоналдық ландшафтардың үйлесімдерінен тұрады және көптеген құстар мен аңдар үшін экотоптардың кең спектрін көрсетеді. Батыс беткейлер бойынан солтүстікке қарай ағатын Ор өзені және оңтүстік-батысқа қарай ағатын Жем өзені бастау алады. Шығыс беткейінде Ырғыз өзенінің көптеген салалары ағады. Көптеген бұлақтар, ұсақ тұзды және тұщы көлдер барлық жота бойымен оңтүстік еуропалық, солтүстік африкалық және алдыңғы азиялық қыстауларынан жыл құстарының ұшып өтетін екі дәліздің болуы өзен аңғарларымен үйлесімділігін негіздейді, олар Мұғалжардан оңтүстік-батысқа, Жем және Темір өзендерінің қосылған жеріне төмендейді. Мұнда шөлге айналған даланың аймақтық ландшафтардың қоршауында Жем және Темір өзендерінің интразоналдық ландшафтарымен бөлінген Құмжарған және Көкжиде құм алаптарының азоналдық ландшафтары орналасқан (2-сурет). Барлық аталып өткен ландшафтар жыл құстары үшін экологиялық дәліздің табиғи негізін және аталған аумақта өсімдік мен жануарлар әлемінің әртүрлілігін анықтайтын бай биотоптарды құрайды [3].



Сурет 2 – Көкжиде құмы

Төртінші экологиялық қаңқа болашақ экологиялық желінің негізі ретінде далаға айналған шөлдің зоналдық ландшафтарының шегінде орналасқан. Бұл екі телімнен тұратын және Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи қамалы және олардың арасында орналасқан Торғай мемлекеттік табиғи қорықшасы. Жайылма және ескі көлдерінің, сорлары мен шығанақты шалғындары көп Ырғыз, Торғай, т.б. өлкелік өзендер аңғарларының

интронзоналдық ландшафтары үндістандық, пәкістандық және солтүстік африкалық қыстауынан құстардың ұшып өтуі үшін көші-қон жолының (экологиялық дәліздерінің) азықтық негізін құрайды. Далаға айналған шөлдің сақталынған аймақтық ландшафтары бетпақдала депопуляциясы киіктерінің маусымдық көшу жолында азықтық базасы болып саналады [4]. Ақтөбе облысының ландшафтысы және экологиялық қаңқасы 3-суретте берілген.



Сурет 3 – Ақтөбе облысының ландшафтысы және экологиялық қаңқасы

Кіші және Үлкен Борсық құм алаптары, Аққұмсағыз құмы, Доңызтау жұрнақтарының борлы үстірті, Ақтолағай қырқаларында кездесетін бірегей биотоптарды сақтау мақсатында қорғауды дұрыс ұйымдастыру қажет. Арал маңы аймағындағы тартылып қалу мен шөлге айналудың белсенді процестерінде бұл аумақтар осы заманғы жер бедерін құрайтын және оларды антропогендік түрлендіру жөніндегі полигондар болып табылады [5].

Облыс аумағынан солтүстік африкалық, алдыңғы азиялық, каспийлік, пәкістандық және индиялық қыстауларынан суда жүзетін құстардың көктемгі ұшып өтетін басты және екінші дәрежелі жолдар өтеді. Облыстың оңтүстігінде және оңтүстік батысында үстірт киігінің көктемгі – жазғы және күзгі – қысқы көшінің негізгі бағыттары өтеді және жайлау мен қыстауларының орындары бар. Облыстың шығысы мен солтүстік шығысынан бетпақдала киігінің көктемгі – жазғы көшінің негізгі бағыттары өтеді [6].

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ғылыми негізделген желісі болып биологиялық түрлілікті сақтаудың аса тиімді және оңтайлы түрлерінің бірі есептеледі, олар тек жекелеген бірегей ландшафттарды немесе экожүйелерді, түрлер мен қауымдастықтарды ғана емес, сонымен қатар, тұтастай алғанда мекен ететін табиғи ортаны да сақтауға мүмкіндік береді [7].

Ақтөбе облысындағы табиғи әлеуетті пайдаланудың қазіргі жағдайларында өңірдегі экологиялық тепе-теңдікті қолдау және табиғатты пайдалану тәртібін реттеу үшін облыстық деңгейде ерекше қорғалынатын табиғи аумақтарды ұйымдастыру есебінен ЕҚТА желісін құру ұсынылады.

Қазіргі уақытта өзгермеген далалық табиғи ландшафттар іс жүзінде қалмаған далалық аймақта қорғалынатын аумақтарды ұйымдастырудың ерекше маңызы бар. Аумақты ауыл шаруашылығына игеру басқа аймақтармен салыстырғанда ландшафттардың бүліну дәрежесі аса жоғары болуына әкеліп соқты.

Көшетін құстардың жолындағы облыстың транзиттік жағдайын ескере отырып, ЕҚТА желісіне басты орнитологиялық аумақтарды, бағалы, сирек және жойылып бара жатқан жыл құстарының түрлерінің

жиналатын, ұялайтын және демалатын жерлерін қосу ұсынылады. Облыс аумағында өңірлік табиғи парк, табиғат ескерткіші, табиғи қорықшалар сияқты ЕҚТА түрлерін ұйымдастыру керек [8; 9].

Геологиялық жыныстар шөгінді және метаморфозды жыныстар қабатында бейнеленген, климат пен органикалық әлемнің өзгеруінің ықпалымен болған жер қыртысының ұзақ уақыт дамуынан бұрынғы геологиялық жағдайлардың артефактылары болып табылады. Табиғаттың палеонтологиялық ескерткіштері сол дәірлерде өмір сүрген флора мен фаунаның сақталынған қалдықтары мен климаттық жағдайларының оларға тән геологиялық дәуірлерінің бөліктерін сипаттайды. «Геологиялық дәуірлер құжаттары» жер бетінен жойылып кетпеуі үшін ерекше қорғау тәртібі бар табиғи ескерткіштер түріндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру және олардың аумағын ғылыми және танымдық мақсаттарда пайдалану қажет. Флора мен фаунаның бағалы және сирек түрлерін мекендеуі және өсіп жетілуінің негізгі ретінде бірегей аумақтарды сақтау қажет деп танылған ландшафтық және ботаникалық табиғат ескерткіштерін құру ұсынылады [10].

Ғаламдану ағымы әсерімен жергілікті қауымдастықтар өз аумақтарының бірегей ерекшеліктеріне (табиғи, тарихи, мәдени) барған сайын көбірек назар аударуда, оларды инвестициялар мен инновацияларды тарту үшін пайдаланады. Сол арқылы, осы ерекшеліктердің нәтижесінде аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсарту, тұрғындардың тіршілік деңгейі мен әл-ауқатын көтеру үшін қолайлы жағдайлар қалыптастырылады. Табиғи ортаның тозуы да азаяды, өйткені, табиғатты сақтау тартымдылықтағы имидждің маңызды элементтерінің бірі ретінде ерекше мәнге ие болады. Осылайша, нақ жергілікті жерлерде маңызды мақсаттар ретінде Біріккен ұлттар ұйымының мыңжылдық декларациясы алға қойған осы заманғы маңызды әлемдік проблемаларды (кедейлік және табиғи ортаның тозуы) шешу үшін жағдайлар жасалады.

Табиғат қорғау қызметін реттеудің мәнділігін көтеру сондай-ақ аумақтарды экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамыту қоршаған табиғи ортаны сақтаумен, демек табиғат қорғауды реттеумен үздіксіз байланысты екенін түсінумен байланысты. Бұл бүкіл әлемде кеңінен таралым тапқан тұрақтылық концепциясын қолдануда өз көрінісін табады. Ол аумақтық дамудың әр түрлі бағыттарын бірыңғай кешенге біріктіруге, сондай-ақ экономикалық дамыған елдердің бөгде тәжірибесін алу нәтижесінде жергілікті қауымдастықты жою немесе өзінің бірегей тәжірибесін ғана пайдалану салдарынан оқшаулану тәрізді оқшауланған аумақтар кездесіп қалуы мүмкін жаһандандудың теріс салдарларын жеңуге мүмкіндік береді.

Осылайша, табиғат қорғау қызметін реттеуөзіне жаңа функциялар қабылдап алуда. Ол теріс антропогенді әсер етулерді төмендететін табиғатты сақтап қалуды ғана емес, сондай-ақ аумақтық даму мақсаты үшін қоршаған ортаны пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге де бағытталған. Мұның барлығы, сөз жоқ, табиғат қорғау қызметін нақты реттеуге жоғарғы талаптар қояды.

Табиғат қорғауды реттеу практикасы шектеулердің барлық оқшауланған аумақтарды қолданылатынын көрсетеді, бұл ретте олардың дәрежесі адамдардың денсаулығы мен биологиялық әр түрліліктегі құрылымдарға қауіптің сипатына қатысты болады. Осыған сәйкес аумақтық модельдер өзара нақ қолданылатын шаруашылық қызметтерді шектеу дәрежесі бойынша, сондай-ақ адамдардың денсаулығы мен биологиялық әр түрліліктегі құрылымдарға қауіптің сипатымен - барлық шектеулерді енгізудің бастапқы себебімен өзгешеленеді.

Әдебиеттер:

1. Назарчук М.К., Сергеева А.М., Абдулина А.М. *Ақтөбе облысының географиясы*. – Ақтөбе: «Принт – А», 2012. – 318 б.
2. *Ақтөбе облысының жануарлар әлемін қорғау*. – Ақтөбе: Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, 2012. – 292 б.
3. *Естественно-научное обоснование создания особо охраняемой природной территории местного значения «Кобдинский» / Пояснительная записка*. – Алматы: ТОО «Экопроект», 2008. – 89 с.
4. *Естественно-научное обоснование создания особо охраняемой природной территории местного значения «Кокжиде-Кумжарган» / Пояснительная записка*. – Алматы: ТОО «Экопроект», 2007. – 107 с.
5. *Естественно-научное обоснование создания особо охраняемой природной территории местного значения «Оркаш» / Пояснительная записка*. – Алматы: ТОО «Экопроект», 2008. – 90 с.
6. *Естественно-научное обоснование создания особо охраняемой природной территории местного значения «Мартук» / Пояснительная записка*. – Алматы: ТОО «Экопроект», 2008. – 100 с.
7. *Естественно-научное обоснование создания особо охраняемой природной территории местного значения «Эбита» / Пояснительная записка*. – Алматы: ТОО «Экопроект», 2007. – 85 с.
8. *Схема размещения ООПТ до 2030 года / Пояснительная записка*. – Алматы, ТОО «Экопроект», 2000. – 195 с.
10. *Схема размещения и развития особо охраняемых природных территорий Актюбинской области (1 этап) / Пояснительная записка*. – Алматы: ТОО «Экопроект», 2006. – 173 с.
11. *Схема размещения и развития особо охраняемых природных территорий Актюбинской области (2 этап) / Пояснительная записка*. – Алматы: ТОО «Экопроект», 2007. – 80 с.

Сергеева А.М., Кошим А.Г., Шумакова Г.Ж.

**ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ И СОХРАНЕНИЯ ПРИРОДНЫХ ПАМЯТНИКОВ НА ТЕРРИТОРИИ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

В статье рассматриваются особо охраняемые природные территории, являясь научно обоснованной системой, считаются одним из самых эффективных и оптимальных видов сохранения биологического разнообразия и предоставляют возможность сохранения не только отдельных уникальных экосистем, видов и ассоциаций, а также наряду с ними и природную среду в целом как объекта. Организация системы особо охраняемых природных территорий является актуальной в связи с высокой степенью антропогенного воздействия на природные ландшафты области.

Ключевые слова: особо охраняемые природные территории, ландшафт, экологический каркас, памятники природы, региональный природный парк, биологическое разнообразие.

Sergeyeva A.M., Koshim A.G., Shumakova G.J.

**PROBLEMS OF STUDYING AND PRESERVATION OF NATURAL MONUMENTS IN THE
TERRITORY OF AKTOBE REGION**

The article says that specially protected natural areas, being a scientifically based system, are considered one of the most effective and optimal types of conservation of biological diversity and provide an opportunity to preserve not only individual unique ecosystems, species and associations, but also along with them the natural environment integrally as an object. The organization of the system of specially protected natural territories is relevant due to the high degree of anthropogenic impact on the natural landscapes of the region.

Key words: specially protected natural areas, landscape, ecological framework, natural monuments, regional natural Park, biological diversity.
